

## Жануарлардың инфекциялық ауруларының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық шараларды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 467 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3130. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қантардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған бекітілсін:

1) ірі қара малының инфекциялық ринотрахеит ауруының алдын алу және жою бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыру туралы ереже;

2) везикулярлы соматит ауруының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру туралы ереже;

3) ірі қара малының вирусты диарея ауруының алдын алу және жою бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыру туралы ереже.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық Астана және Алматы қалалары аумақтық басқармалары Ветеринария департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіpte осы бұйрықтан туындастын керекті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр**

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

"Жануарлар ауруларының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ережелерін бекіту туралы"

2004 жылғы 2 қыркүйектегі

N 467 бұйрығымен бекітілген

# **Ірі қара малының инфекциялық ринотрахеит ауруының алдын алу және жою бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыру туралы**

## **Ереже**

Осы мүйізді ірі қараның инфекциялық ринотрахеит алдын алу және жою жөніндегі ветеринарлық іс-шараларының ережесі (одан әрі - Ереже) жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық шараларының ұйымдастыру және жүргізудің Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының (одан әрі - Заң) 26-бабына сәйкес міндетті түрде орындауға тиісті тәртібін анықтайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Инфекциялық ринотрахеит - қызбамен жоғарғы тыныс жолдарының катаральды-некроздық қабынуымен, көздің, жыныс органдарының, орталық нерв жүйесінің зақымдануымен, іш тастаумен сипатталатын жедел түрде өтетін контагиозды вирусты ауру.

Аурудың қоздырғышы - Herpesviridae тұқымдасына жататын дирибонуклейінді қышқылы (ДНК) құрамды Herpeivirus bovis 1. Табиғи жағдайда ірі қара малдар ғана ауырады.

2. Осы Ережеде мынадай түсініктемелер қолданылады:

- 1) контаминация - микробтармен ластану;
- 2) продуцент - арнайы өнім алу.

3. Диагноз клиникалық-эпизоотиялық, патологоанатомиялық мәліметтер және лабораториялық зерттеулер қорытындысы негізінде қойылады.

### **2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын алу шаралары**

4. Инфекциялық ринотрахеиттің алдын алу шараларының негізгі шарттары ірі қара малдарын өсіру және бордақылауда ветеринариялық-санитариялық шараларды қатаң сақтау болып табылады.

5. Ветеринариялық-санитариялық талаптарға келесі шарттар кіруі тиіс:

- 1) шаруашылық субъектілерін инфекция қоздырғыштарының кіруінен сақтау;
- 2) организмнің резистенттілігін күшейтуге бағытталған шаралардың кешенін ұйымдастыру;
- 3) уақтылы диагноз қою, ауру малдарды анықтау және оқшаулау;
- 4) қоршаған ортадағы вирустарды залалсыздандыру.

**6. Шаруашылық субъектілерін инфекция қоздырғыштарының кіруінен қорғау үшін міндетті түрде жүргізу керек:**

1) малдардың инфекциялық ауруларынан таза аумақтардың тек сау малдарынан табын топтастыру;

2) жаңадан келген малдар 30 күн бойы карантиндеу;

3) бөлмелерде қалыпты микроклимат сақтау, күнделікті ауаны аэрозольды профилактикалық дезинфекциялауды жүргізу, қабырғаларды, аралықтарды, еденді және науаларды механикалық тазалап және дезинфекциялау.

### **3. Инфекциялық ринотрахеиттен таза емес эпизоотиялық ошақтарда және қолайсыз пункттерде жүргізілетін шаралар**

**7. Шаруашылық субъектілерінде ірі қараның инфекциялық ринотрахеит ауруы шыққан кезде ветеринариялық маман әкімшілік аумақ бірлігіне тиісті мемлекеттік ветеринариялық инспекторларына хабарлайды.**

**8. Әкімшілік аумақ бірлігіне тиісті бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы ірі қараның инфекциялық ринотрахеит ауруының шыққаны туралы хабарды алғаннан кейін диагноз қою, эпизоотиялық зерттеу, эпизоотиялық ошақтың шекарасын анықтау үшін ауру шыққан жерге тез арада жетуі қажет. Ауру малдардан патологиялық материалдарды алып, диагнозды анықтау үшін ветеринариялық лабораторияға жібереді.**

**9. Ақырғы диагноз қойылған жағдайда ауру шыққан шаруашылық субъектісін және елді мекенді осы аурудан таза емес деп жарияладап, Заңның 27-бабының 1 тармағына сәйкес шектеу қойылады.**

Соңғы мал ауырғаннан соң 30 күннен кейін, Заңның 27-бабының 3 тармағына сәйкес, аурудан таза емес пункттен шектеу алынады.

**10. Шектеудің шарттары бойынша шаруашылық субъектілерінде малдарды, жем-шөптерді тасымалдауға, оларды кіргізіп шығаруға, шаруашылық субъектілері аумағында малдарды қайта топтастыруға тиым салынады.**

**11. Ауру малдардан басқа барлық малдарды, жаңа эпизоотиялық ошақтарда тұрған малдарды жедел түрде инфекциялық ринотрахеитке қарсы құрғақ вирусвакцинамен, қолдану нұсқамасына сәйкес иммунизациялайды. Ауру малдарды оқшаулап, гипериммунды қан сарысумен, спецификалық емес глобулинмен немесе реконвалесцентті қан сарысумен емдейді. Секундарлы инфекциямен асқынған жағдайда ұзақ әсерлі антибиотиктермен, сульфаниламидті, нитрофуранды препараттар қолданылады.**

**12. Қауіпті аймақта тұрған жануарлар әлсіздендірілген вакцинамен егіледі.**

13. Ауру және ауруға күдікті малдар тұрған жерлер, қолданылған құрал-саймандар, арнайы жұмыс киімдері, мал төсеніші және қызы залалсыздандырылады.

14. Өлген және лажсыз сойылған малдардан алынған терілер дезинфекциялық ерітінділерде: 1 литр суға 50 грамм алюминилі квасты, 200 грамм ас тұзымен 16-18 ° С температурада 48 сағат залалсыздандырылады.

15. Лажсыз сойылған мал ұшаларында дегенеративті өзгерістер болмаған жағдайда кедергісіз жіберіледі. Танаудың, өңештің, жұтқыншақтың, өкпенің, асқазан-ішек органдарының кілегей қабығында некроздық өзгерістер болған жағдайда техникалық утильдеуге жіберіледі.

16. Ауру, ауруға күдікті малдардан алынған сұт 70 ° С температурада 30 минут пастеризациядан кейін адамдарға тамаққа және малдарға азық ретінде қолдануға болады.

17. Ауру малдар тұрған бөлмелерге кірер жерде дезинфекциялық ерітінділермен шыланған дезинфекциялық маттар орнатылады.

#### **4. Қолдан ұрықтандыру станцияларымен пункттерінде инфекциялық ринотрахеитпен күресу шаралары**

18. Жануарларды қолдан ұрықтандыру стансаларын бұқалармен толықтырғанда оларды ірі қараның ринотрахеитінен таза аймақтардан жинақтайды.

19. Қолдан ұрықтандыру стансаларына жаңадан келген бұқаларды 60 күнге карантинге қояды.

20. Қолдан ұрықтандыру стансаларында бұқаларды айна 1 рет термометрия және жыныс органдарын тексеру қажет. Баланопаститпен ауырған бұқаларды оқшаулап олардың күпегінен тампонмен кілегей сынамаларын және жуынды, сондай-ақ ұрықтар алынып диагностикалық лабораторияларға зерттеуге жіберіледі.

Вирусты бейтараптаушы анти денелерді анықтау үшін қан сарысуының сынамалары алынады, сонымен қатар және вируспен ластанғанына зерттеу үшін ұрық алынады. Бұл жағдайда соңғы 14 күнде алынған ұрықтың серияларын біріктіріп, бір сынама ретінде зерттейді. Ұрықта вирус табылған бұқалар жарамсыз деп есептеледі, ал олардан соңғы 2 айда алынған ұрықтарды жояды. Сонымен қатар қан сарысуында антидене табылған бұқалар да жарамсыз деп танылады.

21. Баланопаститпен ауырған бұқалар лабораториялық әдіспен вирустың этиологиясы дәлелденген кезде оларды жарамсыздыққа шығарып, соңғы 2 айда

алынған ұрықтар жойылады. Стансаны инфекциялық ринотрахеиттен қолайсыз деп жариялап, осы Ереженің 9 тармағына сәйкес шектеу қойылады.

22. Содан кейін процедурент ретінде қолданылатын барлық бұқалардың ұрықтарын вируспен контаминациясына және қанын антидененің бар-жоғына осы Ережеге сәйкес жылына 2 рет, арасы 6 айдан зерттейді.

Қазақстан Республикасы

Аудыл шаруашылығы министрінің

"Жануарлар ауруларының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы"  
2004 жылғы 2 қыркүйектегі  
N 467 бұйрығымен бекітілген

**Везикулярлы стоматит ауруының алдын алу және жою бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыру туралы**

**Ереже**

Осы везикулярлы стоматиттің алдын алу және жою жөніндегі ветеринарлық іс-шараларының Ережесі (одан әрі - Ереже) жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық шараларының ұйымдастыру және жүргізуіндік Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының (одан әрі - Заң) 26-бабына сәйкес міндетті түрде орындауға тиісті тәртібін анықтайды.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Везикулярлы стоматит - қызбамен және ауыз қуысының кілегей қабығында везикулалардың пайда болуымен, желін ұшының, бақай қуысының, терісінің зақымдалуымен сипатталатын рабдовирус тобына жататын вирус арқылы жіті түрде өтетін жануарлардың ауруы. Бұл ауруға барлық ауыл шаруашылығы малдарының түрі бейім.

2. Ауру қоздырғышы жарыққа сезімтал, ультра күлгін сәулелердің әсерінен тез бұзылады. Қоршаған органдардың жылы температурасына төзімсіз;  $60^{\circ}\text{C}$  температурада 30 минут аралығында бұзылады,  $100^{\circ}\text{C}$  сол сәтте.  $0^{\circ}\text{C}$ -тан төмен температурада ұзақ уақыт сақталады.

3. Инфекция қоздырғышының көзі ауру малдар, сондай-ақ инкубациялық кезеңдегі жануарлар болып табылады.

4. Ауруға бейім жануарларға вирус ауру малдардан бір жерде ұстаған кезде, жем-шөп, су және малдардан бөлініп шыққан заттармен ластанған басқа да объектілер арқылы беріледі. Вирус сау малдың организміне жарақаттанған кілегей қабық және тері арқылы енеді.

5. Инкубациялық кезең 1-5 күн. Ауру кезеңі жаз-күз айларында байқалады, көп жағдайда қатерсіз өтіп, ауру мал 2 апта аралығында жазылып шығады.

6. Везикулярлы стоматитке диагноз эпизоотологиялық, клиникалық және лабораториялық зерттеулер қорытындысы негізінде қойылады. Диагноз қойған кезде, клиникалық белгілері ұқсас вирустық аурулардан ажырату қажет: аусыл, шошқа экзентемасы, шошқаның везикулярлы ауруы. Бұл жағдайда жануарлардың түрлік бейімділігін ескеру қажет (жылқылар везикулярлы стоматитпен және шошқа экзентемасымен ауырады; шошқа везикулярлы аурумен және экзентемамен ауырады; мүйізді ірі қара, қой мен шошқа везикулярлы стоматитке бейім).

7. Лабораториялық зерттеулер жүргізу үшін везикулдардың ішіндегісін және қабырғаларын немесе жарақаттанған жерлерден қырындылар алады, сондай-ақ ауырып жазылған малдардың қан сарысуын алады. Алынған материалдарды лабораторияға мұз салынған термоспен жібереді.

## **2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын алу шаралары**

8. Везикулярлы стоматиттің вирусының енуінен таза шаруашылық субъектілері қорғау мақсатында қажет:

1) везикулярлы стоматиттен таза шаруашылық субъектілерінен алынған малдардан ғана шаруашылық субъектілерін (фермалар, аулалар) жинақтау;

2) шаруашылық субъектілеріне жаңадан келген барлық малдарға толық ветеринариялық тексеру жүргізу қажет;

3) везикулярлы стоматитке диагностикалық зерттеулер жүргізу керек.

## **3. Везикулярлы стоматиттен таза емес эпизоотиялық ошактарда және қолайсыз пункттерде жүргізілетін шаралар**

9. Шаруашылық субъектілері жануарлардың везикулярлы стоматиті шыққан кезде ветеринариялық маман әкімшілік аумақтық бірлігінің мемлекеттік ветеринариялық инспекторларына хабарлайды.

10. Әкімшілік аумақтық бірлігінің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жануарлардың везикулярлы стоматит ауруының шыққаны туралы

хабарды алғаннан кейін диагноз қою, эпизоотиялық зерттеу, эпизоотиялық ошақтың шекарасын анықтау үшін ауру шыққан жерге тез арада жетуі қажет. Ауру малдардан патологиялық материалдарды алып, диагнозды анықтау үшін ветеринариялық лабораторияға жібереді.

11. Ақырғы диагноз қойылған жағдайда ауру шаруашылық субъектісі сол аурудан таза емес деп жарияланып, Заңың 27-бабының 1-тармағына сәйкес

карантин

қ о й ы л а д ы .

Таза емес аймақтан карантин ақырғы мал ауырғаннан кейін 15 күн өткен соң, қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін, Заңың 27-бабының 3-тармағына сәйкес карантин алынады.

12. Карантин шарттары бойынша тиым салынады:

1) аурудан таза емес пунктке ауруға бейім жануарларды әкелуге;  
2) аурудан таза емес пункттен залалсыздандырылмаған мал өнімдері мен

ж е м - ш ө п т е р д і

ш ы ғ а р ү ғ а ;

3) ветеринариялық маманның рұқсатысыз жануарларды қайта топтастыруға.

13. Ауру жануарларды оқшаулап, диеталық азықпен (сүрлем, быламық) қамтамасыз етеді және симтоматикалық емдеу жүргізеді.

Ауыз қуыстарын 2% сірке қышқылы қосылған таза сумен немесе 1:1000 перманганат калиймен, 1:5000 фурациллин ерітіндісімен жуады. Зақымданған желіндерді, тұяқ арасын, бақайларын дезинфекциялық маймен немесе эмульсиялармен өндейді. Асқынған жағдайда хирургиялық өндеу жүргізеді.

14. Мал қораларын, қолданылған құрал-саймандарын, көліктерді, сонымен қатар эпизоотиялық аумактардың ошағын 5 күнде 1 рет Дезинфекциялады, ал ауру және ауруға құдікті малдар тұрған қораларын (құрал-саймандар, тұратын орындары) күнделікті дезинфекцияланады. Дезинфекциялау үшін 2% натрий тұзы ыстық ерітіндісін пайдаланады. Ауру ошағында жұмыс істейтін жұмысшылардың киімдерін пароформалинді камерада залалсыздандырады. Қи биотермиялық әдіспен залалсыздандырылады.

15. Жануарлар өлексерлерін биотермиялық шұнқырларда залалсыздандырады.

16. Лажсыз сойылған ауру және ауруға құдікті жануарлардан алынған ет және ет өнімдері қайнатылғаннан кейін шектеусіз қолданылады.

17. Аурудан таза емес шаруашылық субъектілерінен алынған сүт 76 ° С температурада 15-20 секунд пастеризацияланады. Егер сүт зауыттары, сепараторлар немесе сүт қабылдайтын пункттер ортадан жүретін сүт тазалағыш пастеризациялық қондырғылармен жабдықталмаған жағдайда оларға келген сүт міндетті түрде 85 ° С температурада 30 минут пастеризациялану немесе 5 минут қайнатылу қажет.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
"Жануарлар ауруларының алдын алу  
және жою бойынша ветеринариялық  
іс-шараларды жүзеге асыру жөндегі  
ережелерін бекіту туралы"  
2004 жылғы 2 қыркүйектегі  
N 467 бұйрығымен бекітілген

**Ірі қара малының вирусты диарея ауруының алдын алу және жою бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыру туралы**  
**Ереже**

Осы ірі қара малының вирусты диарея ауруының алдын алу және жою жөндегі ветеринарлық іс-шараларының ережесі (одан әрі - Ереже) жеке және занды тұлғаларға ветеринариялық шараларының ұйымдастыру және жүргізудің Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының (одан әрі - Зан) 26 бабына сәйкес міндетті түрде орындауға тиісті тәртібін анықтайды.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Ирі қара малының вирусты диареясы - ас қорыту жолдарының сілекей қабықтарының зақымдалуымен, ринитпен, жалпы жағдайының төмендеуімен, диареямен сипатталатын жедел түрде өтетін ауру.

2. Қоздырғышы - тогавирус тобына жататын вирус. Минус 20 ° С-тан төмен температурада тіршілікке қабілеттілігі ұзак сақталады, 37 ° С температурада бірнеше күн бойы әлсірейді.

3. Вирусты диареямен мүйізді ірі қара, бұғы, еліктер, дала ешкілері ауырады. Ауру көбінесе ірі қара малында 2 жасқа дейін байқалады; жас төлдер аурудың ауа мен азық арқылы жұғуына өте бейім келеді. Сонымен қатар вирус плацента, ұрық арқылы беріліп тұқымды зақымдауы мүмкін.

4. Сау малдарға ауру, ауру немесе ауырып жазылған малдардан жұғуы мүмкін.

5. Ауырып жазылған малдар инфекцияның таралу көзі болып табылады, ұзак уақытқа дейін қоршаған ортаға вирус бөледі.

6. Диарея вирусының резервуары қойлар болуы мүмкін, өйткені олардың қан сарысында спецификалық антиденелер жиі табылады.

7. Аурудың шығуына, эпизоотиялық процестің асқынуына мал басының тығыз орналасуы, азықтандырудағы қолайсыз жағдайлар және мал ағзаның резистенттілігін төмендететін тағы да басқа факторлар әсер етеді.

8. Вирусты диареямен малдардың ауыруы қоздырғыштың уыттылығына, малдардың жағдайына байланысты 10-100 пайызға жетеді, өлім мөлшері 50 пайыз және одан жоғары болады.

9. Вирустың алғашқы көбеюі асқазан-ішек, тыныс жолдарының сілекей қабықтарында өтіп, содан кейін вирус барлық ағзаларға таралады. Асқазан-ішек жолдары қатты жарақаттанып, соның салдарынан ас қорыту бұзылып, диарея пайда болады да ағзаларда сузыздану және улану процестері жүреді.

10. Ауырып жазылған малдарда вирусты қабылдамау қасиеті 4 айдан бірнеше жылға дейін созылады.

11. Инкубациялық кезең 2 күннен 2 жетіге дейін созылады.

12. Ауырып жазылған малдар қоршаған ортаға ұзақ уақыт бойы вирус бөледі.

13. Диагноз клиникалық-эпизоотиялық, патологиялық өзгерістердің, бұзауларға биологиялық сынамалардың, гематологиялық және серологиялық зерттеулер қорытындысына негізделеді.

14. Малды сойған кезде асқазан-ішек жолдарындағы сілекей қабықтарында бірігіп кеткен эрозиялар мен ойық жаралар болады. Бронхылар, көмекей мен кеңірдек сілекей қабықтарында гиперемия және домбығу жиі байқалады.

15. Серологиялық зерттеулер кезінде нейтрализациялау реакциясымен (РН), диффузды преципитация реакциясымен (РДП), имуннофлюоресценция реакциясымен (РИФ) зерттелетін қос қан сарысулық әдіс қолданылады. Вирусологиялық зерттеулерге лабораторияға мұз салынған термоспен лимфа түйіндерінің бөлшектерін, ішектің, танау құystарының сілекей қабықтарын жөнелтеді.

## **2. Ветеринариялық-санитариялық таза аумақтардағы жүргізілетін алдын алу шаралары**

16. Вирустық диареяның алдын алу малдарды енгізуде, орналастыруда, азықтандыруда барлық зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық ережелердің талаптарын мұлтіксіз орындауды талап етеді.

17. Вирустық диареяны болдырмау үшін жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық шаралар:

1) ірі қара малдарды қолданғанда, азықтандырғанда, орналастырғанда ветеринариялық-санитариялық ережелердің орындалуын қамтамасыз ету;

2) жайылымдардың, суаттардың ветеринариялық-санитариялық жағдайын арнағы тәріпте ұстау;

- 3) мал өлексерлерін және қиды уақытында залалсыздандырып тұру керек;  
4) профилактикалық дезинфекцияны (микроорганизмдерді жою)  
дератизацияны (кеміргіштерді жою), дезинсекцияны (жәндіктерді жою) уақтылы  
өткізіп тұрғу;

5) барлық малдардың паспортизация, бірдейлендіруден өтуін қамтамасыз ету;

6) таза және таза емес аумақтардың малдарының араласуына жол бермеу.

**3. Вирусты диареядан таза емес эпизоотиялық ошақтарда және қолайсыз пункттерде жүргізілетін шаралар**

18. Шаруашылық субъектілерінде ірі қараның вирусты диареясы шыққан кезде ветеринариялық маман әкімшілік аумақтық бірлігіне тиісті мемлекеттік ветеринариялық инспекторларына хабарлауы керек.

19. Әкімшілік аумақтық бірлігіне тиісті бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы ірі қараның вирусты диареясы шыққан туралы хабарды алғаннан кейін диагноз қою, эпизоотологиялық зерттеу, індег ошағының шекарасын анықтау үшін ауру шыққан жерге жедел келеді. Ауру малдардан патологиялық материалдар алып, диагнозын анықтау үшін ветеринариялық лабораторияға жібереді.

20. Ақырғы диагноздың қорытындысы бойынша ауру шыққан шаруашылық субъектісін осы аурудан таза емес деп жарияладап, Заңның 27 бабының 1 тармағына сәйкес шектеу қойылады.

Шектеу ақырғы ауру мал шыққан соң 30 күннен кейін қорытынды дезинфекция жүргізіліп, Заңның 27-бабының 3-тармағына сәйкес алынады.

21. Осы аурудан таза емес аумактарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ветеринариялық препараттардың реестрінде тіркелген ветеринариялық препараттармен вакцинация жүргізілу керек.

## 22. Ауру малдарды оқшаулайды және емдейді.

23. Ауру малды емдеу кезінде сиптоматикалық терапия қолданылады, бұл ауруды асқындырмауға және ағзаның қорғаныс қасиеттерін күшетуге бағытталған.

24. Антибиотиктер қолданғанда міндетті түрде микрофлоралардың сезімталдығын тексеру керек.

25. Малдардың қайта топтастыруға шектеу қойылады.

## 26. Дезинфекция жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК